

УДК 327

Қ. Ғ. Даркенов, Б. Ж. Абжаппарова,  
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСЫНДА

### Аңдатпа

Аталған мақалада Орталық Азияның әлемдік саясат пен экономикадағы орны мен рөлі мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар, әлемдік және аймақтық саясатқа ықпал етуші елдер Ресей, Қытай және АҚШ-қа және олардың Орталық Азияға ықпалына ерекше назар аударылады.

*Тірек сөздер:* Орталық Азия, Ресей, Қытай, АҚШ, мүдделер қайшылығы, инвестиция, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан.

### Аннотация

В данной статье рассматривается вопрос места и роли Центральной Азии в мировой политике и экономике. Кроме того, особое внимание уделяется странами имеющим влияние на мировую и региональную политику, таким как Россия, Китай и США, и их влиянии на Центральную Азию.

*Ключевые слова:* Центральная Азия, Россия, Китай, США, противоречие интересов, инвестиция, Казахстан, Киргизстан, Таджикистан, Туркменистан, Узбекистан.

### Abstract

In this article there will be discussed: the place and role of Central Asia in the world economy and politics. In addition, special attention will be given to countries with influence on the world and regional policy, as Russia, China and the United States and their impact on Central Asia.

*Key words:* Central Asia, Russia, China, USA, contradiction of interests, investment, Kazakhstan, Kirgizstan, Tajikistan, Turkmenistan, Uzbekistan.

Әлемдік саясат пен экономикада аймақтық актор ретінде Орталық Азияның орны мен рөлі өсе түсуде. Сондықтан да болар, ірі мемлекеттердің мүдделік қызығушылығы өсіп, аймақ мүдделер тоғысындағы ықпал ету объектісіне айналды.

Қазіргі уақытта Орталық Азияға ықпал ету үшін Ресей, Қытай, АҚШ арасындағы бәсекелестіктің айқын байқалып отырғаны да, осының негізінде ірілі-ұсақты мүдделер қақтығысының тууы мүмкін екендігі де ақиқат. Ол бірнеше бағытта байқалуы мүмкін. Солардың бірі ескірткіге қарсы күрес. Бұл мәселеге қатысты бірнеше пікір туады. Біріншісі, әрі бастысы, АҚШ әлемдегі бірден бір қауіп көзіне қарсы күресуші мемлекет ретінде ескірткіге қарсы күрес жүргізуді сылтау қылып, Орталық Азияға ену және өз ықпалын орнату бағытын ұстануы мүмкін. Ол үшін қажет кезінде іске қосылатын бірнеше әдіс-тәсілдердің әр түрлі нұсқалары әзірленіп қойылуы да мүмкін. Әрі, осылай жасау арқылы аймаққа Қытайдың, сонымен қатар Ресейдің Орталық Азияға еркін енуіне тежеу салу жолын ұстанатыны да күмән тудырмайды. Екіншіден, аналитиктер пікіріне сүйенсек, ескірткіге қарсы күрес аймақта өз саясатын жүзеге асыру жолында АҚШ үшін жай ғана бет перде болуы мүмкін. БҰҰ мәліметтеріне сүйенсек, 2001 жылы «Мызғымас бостандық» (Несокрушимая свобода) әскери операциясы негізінде Ауғаныстанға АҚШ мен НАТО әскери контингентін кіргізгеннен бергі уақыт аралығында ескірткі өндірудің 40 есе өсіп кеткендігін алға тартады. Қазіргі кезде осы бір ғана ел Ауғаныстан осыдан он жыл бұрын бүкіл әлем өндіргеннен бір өзі екі есе көп ескірткі өндіреді [1].

Өз ықпалын нығайту мақсатын ұстана отырып, АҚШ ескірткі легінің Орталық Азия аймағына ықпал жасаудағы өз бәсекелестері Ресей мен Қытайға қарай өтуіне, таралуына ешқандай кедергі жасамауда. БҰҰ сарапшылары мәлімдеуінше соңғы он жылда Ресейде нашақорлар саны 10 есеге өсіп кеткен. Олар жылына 75-тен 80 тоннаға дейін ауған героинын пайдаланады. Бұл, салыстырмалы түрде қарасақ, АҚШ мен Канададан 3,5 есе көп (бұларда 20 тонна шамасында), ал ескірткіні өткізу рыногы ретінде екінші орын алатын Қытайдан (онда 45 тонна) 2 есе көп. Героинның ресей рыногындағы көлемі жылына 13 млрд АҚШ доллары шамасында деп бағаланады. Ресей әлемдегі героинның 20 пайызын пайдаланады [2]. Бұл арада, Ресейде халық санының Қытайдан 10 еседей, ал АҚШ-тан 2,2 есе аз екенін және аталған елдермен салыстырғанда ескірткіні бірнеше есе көп тұтынатынын ескерсек, ескірткі қауіпі келешекте Ресейді өте ауыр зардапқа соқтыруы мүмкін.

Сонымен қатар, соңғы жылдары Қытай территориясына өтетін ескірткі көлемі де өсуде. АҚШ ескірткі легінің өсуіне мүдделі бола отырып, елдегі саяси жағдайдың тұрақсыздануына

және деструктивті күштердің күшеюіне ықпал етуде. Қазіргі уақытта жыл сайын Қырғызстан, Тәжікстан және Қазақстан арқылы Шыңжан-ұйғыр автономиялық ауданына өтетін есірткі көлемі бір тоннаға жеткен [3]. Оның ішінде, соңғы екі жылда оның көлемі жүз пайызға өскен.

Сарапшылар арасындағы, АҚШ Ауғаныстан есірткісінің таралуына мүдделі, сонымен бірге, есірткіге қарсы күрес жүргізуді желеу етіп, Орталық Азияда барлау жүйелерін құрып, аталған аймақ елдерінің әрбір іс-әрекетін ашық және жария түрде бақылап отыруға тырысуда [4] деген де пікірді, қате деуге болмайды.

Сондықтан, АҚШ Орталық Азияға және онымен шекараласатын елдерге ықпал жасауға мүмкіндік беретін, қолайлы плацдармнан Ауғанстаннан да біржола, оңайлықпен кете қоймайды.

Сонымен бірге, қазіргі кезеңде экономикасы шапшаң дамып отырған Қытай үшін Орталық Азияның бірнеше тарапта маңызы зор. Көпшілік тұтынатын тауарларды өткізу рыногы ретінде, Қытай экономикасы үшін қажетті шикізат көзі ретінде және инвестиция құю объектісі ретінде маңызды. Сонымен бірге, Орталық Азиядағы экономикалық даму қарқынының бәсеңдігі, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстандағы саяси экономикалық тұрақсыздық Қытайдың Орта Азия мемлекеттерінің аймақтық экономикасына кіруіне үлкен мүмкіндік берді [5]. Аблат Хожаевтің айтуы бойынша – Орталық Азиядағы тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы Қытай үшін зор мүмкіндік болды, себебі бұл аймақ Қытай үшін өз тауарларын өткізетін еркін сауда аймағы мен бірден бір шикізат көзіне айналды. Міне, дәл осы жағдайдың негізінде, бүгінгі таңда Орталық Азияның бес мемлекетінде де ҚХР-ның әсері орасан зор [6]. Ақиқатында, аталған факторлар екі жаққа Қытай үшін де және Орталық Азия елдері үшін де тиімді.

Қарастырылып отырған мәселені толық түсіну үшін шегініс жасасақ, жалпы қазіргі уақытта бір мәселенің басы ашық, ол Қытай экономикасының жетістігі мен проблемалары әлемнің экономикалық және саяси тұрақтылығын сақтау үшін өте маңызды. Бүгінгі таңда ҚХР жалпы ішкі өнімі 9,4 триллион көлеміне жетті, бұл барлық Африка елдерінің жалпы ішкі өнімінің жиынтық көлемінен артық.

Қазіргі кезеңде Қытайдың әлемдік экономика мен саясаттағы ықпалы жылдам өсуде. Бұқаралық ақпарат құралдары мен ғылыми-танымдық басылымдарда жарияланған деректерге сүйенсек, экономикалық өсім мен тұрақтылық Қытайдың одан әрі ауқымды дамуына мүмкіндік тудыруда. Қытайдың басты кеден басқармасы мәліметінше, 2012 жылдың қыркүйегінде ай сайынғы экспорт көлемі бойынша жаңа рекордқа қол жеткізіп, көрсеткішті 186,35 миллиард долларға жеткізді. Бұл 2011 жылдың қыркүйегімен салыстырғанда 9,9% артық [7].

2012 алғашқы үш кварталында Қытайдың сыртқы саудасының көлемі 2,842 триллион долларға жетіп, өткен 2011 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығымен салыстырғанда 6,2% өсті. Оның ішінде Қытай экспорты 7,4%-ға өсіп, 1 триллион 495,39 миллиард долларға жетті. Импорт 4,8%-ға өсіп, 1 триллион 347,08 миллиард долларға жетті. Сыртқы сауда байланысындағы жағымды сальдо 148,31 миллиард доллар болды. Бұл Қытай экономикасының тұрақты даму деңгейін аңғартатын көрсеткіш еді.

2013 жыл мен 2014 жылдың бірінші кварталында Қытайдың экономикалық даму қарқыны баяулағанымен, ол соншалықты елеулі емес, бұл Қытайдың әлемдік рыноктағы бәсекеге қабілеттілігін ғана көрсетіп қоймай, ықпал ету кеңістігі мен өткізу рыногы ауқымының өсуіне мүдделі екендігін байқатады.

Қытайда әлемдік экономикалық дағдарысқа байланысты жалпы ішкі өнімнің өсуі қарқыны аздап та болса баяулады. Қазіргі кезде Қытай – он екінші бесжылдықтың екінші жылын (2011-2015) жүзеге асыруда. Бұл бесжылдықтың жоспары – шаруашылықты интенсификациялауды жалғастыру. Қойылған мақсат: ішкі фактордың, әсіресе экономикалық дамуда тұтынудың рөлін көтеру. Қытайдың 2011 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі статистикалық мәліметтердің алдын ала жариялануы, дағдарысты күту жағдайында жалпы халықаралық қаржы рыногында жағымды реакция тудырды [8].

Қазіргі кезеңде зерттеушілер пікірінше, Қытай экономикасы жыл өткен сайын неғұрлым «аралдық экономика» моделіне жақындап келеді. Бұл шикізат тасуға тәуелділікке түсудің қауіпті шекке жетумен байланысты шаруашылық жүйесінің моделі. Бұдан шығатын қорытынды Қытай экономикасы сырттан келетін шикізатқа тәуелді. Шикізатқа тәуелділік, оған қол жеткізу жолындағы іс-әрекет, әр түрлі жолдар мен тәсілдер міне, бұл қазіргі Қытай экономикасының бағыты. Осындай жүйедегі елдер қатарына Жапония мен Оңтүстік Кореяны жатқызуға болар еді. Олар да сырттан шикізат тасып әкеле отырып, оны өңдеп экспортқа шығару жолында жұмыс процесін ұйымдастырады.

Әрине, қазіргі уақытта Қытайдың шикізат тасымалдауға тәуелділік деңгейі, Жапониямен салыстырғанда соншалықты жоғары емес. Қытайдың өз ресурстарының көлемі біршама жеткілікті. Солай болғанымен, әр жыл өткен сайын Қытайдың шикізатқа сұранысы өсе түсуде. Бұл жағдай Қытайды алыс және жақын әріптестерімен қарым-қатынасты тұрақты сақтауға ұмтылдырады. Осы тұрғыда, Орталық Азияның шикізат көзі ретіндегі және өткізі рыногы ретіндегі орны мен рөлі жыл өткен сайын өсе түседі.

Халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруы азық-түлікке оның ішінде ет пен балыққа, ал машина жасаудың дамуы жалпы экономиканың қарқынды өсуі – мұнай өнімдеріне сұранысты өсіріп отыр. Оның сыртында, Қытай энергоресурстармен өзін ғана емес көршілерін де қамтамасыз етіп келді. Бұл жағдай да Қытайдың белсенді, шапшаң қимылдауын талап етуде.

Соңғы статистикалық мәліметтерді талдасақ, елдің экономикалық дамуын сипаттайтын жағымды фактілердің бірі, қазіргі уақытта әлемде шығарылған барлық автомобильдің төрттен бірін Қытай тұрғындары алды. 2013 жылы Қытайда барлық модельдерден 21 миллион автомобиль сатылды. Сонымен бірге, 2013 жылдың қаңтары мен желтоқсан аралығында әр түрлі қаржылық активтерді санамағанда, дүниежүзінің басқа елдерінің экономикасына 90 миллиардтан астам доллар құйып инвестиция жасады. Сонымен қатар, жылына 2 триллион доллар көлемінде әр түрлі тауарлар сатып алып, әлемдегі ірі импортерге айналды [9].

Қытай әлем елдерінен оның ішінде, Орталық Азия елдерінен де мол шикізат импорттай отырып, сол елдер рыногына да дендеп ену мақсатын ұстануда.

2012 жылы өткен Қытай коммунистік партиясының ХҮІІІ съезінде Қытай сыртқы саясаттағы жаңа пункттерін мәлімдеді. Тауар мен ішінара капиталдың халықаралық қозғалысын одан әрі либерализациялау қажеттілігін атады. Ху Цзиньтао өз баяндамасында «Жаһандық экономикалық басқаруға белсенді қатыса отырып, Қытай либерализациялауды ұсынып және протекционизмнің қандай түріне болса да қарсылық білдіреді» деп атап өтті.

Қытайдың тауар мен капиталды либерализациялау бағытын ұсынып, протекционизмге қарсы болуы, өз тауарлары мен капиталын әлем елдеріне оның ішінде, Орталық Азия елдеріне де еркін енгізуге, ұлттық экономикадағы протекционизмге қарсы болуы – экономикалық мүддесінен туып отырғаны айқын.

Әрине, жоғарыда аталған мәлімдеме – бұл ішкі және сыртқы жағдайды толық бағымдағаннан кейін туған, әбден пісіп-жетілген Қытайдың бәсекелестікке қабілеттілігін көрсетеді. Бірақ, Қытай бүгінгі күнгі экономикалық күш-қуатына, ұзақ жылдар бойы өздерінің ішкі рыногын сыртқы күштерден қорғау арқылы, экономикалық протекция арқылы жеткені мәлім.

Сонымен қатар, экономикасы қалыпты, оның ішінде, инфрақұрылымы мен өнеркәсібі дамыған және бәсекелестікке қабілетті мемлекет құрмайынша тәуелсіздіктің толыққанды болмайтындығына көзі жеткен Орталық Азия мемлекеттері Қытаймен көп жақты қарым қатынас орнатты. Инвестициялық, құрылыс және машина жасау кешені қуатты Қытай Орталық Азияға сөз жүзінде ғана емес, нақты іс жүзінде ықпал ете бастады.

Нәтижесінде, мемлекетаралық тұрақты қарым-қатынас орнап, орталықазиялық елдер үшін Қытай көмірсутегін өткізудің маңызды баламалы рыногы ғана емес, сыртқы позициясын нығайтуда, оның ішінде Ресей, Европа және АҚШ-мен қатынаста нақты, айқын әріптес сатысына көтерілді. Әрине, Орталық Азия елдермен байланысын жандандыруға, олармен аймақтық байланыстары ұзақ жылдар бойы тарихи қалыптасқан Қытай мен Ресейден басқа, аймақтан тысқары мүдделі елдер де орнатты. Бірақ, олардың бұл қадамын Қытай қауіппен қабылдады.

Сонымен қатар, Қытайдың бәсекелестері олардың Орталық Азия елдеріндегі ықпалын бәсеңдету, бәсекелестіктен шеттету үшін әр түрлі әдіс-амалдар қолдануы мүмкін деп санады. Ел ішіндегі билікке қарсы наразылықтың және Синьцзян мен Тибеттегі сепаратизмнің өрістеуі мен күшеюін, жақын аймақтағы Пәкстан мен Ирандағы тұрақсыздықтың тууын батыстың іс-әрекетінің нәтижесі деп қауіптенді. Осындай батыс әлемінен қауіптену Ресейде де болғаны анық.

Қазіргі уақыттағы аймақтағы геосаяси ахуалды сипаттай келе, қытай сарапшысы Юй Суй «Орталық Азия ісіне кірісуі – бұл АҚШ-тың суық соғыстан кейінгі стратегиялық саясатын жүзеге асырудағы қадамы. Вашингтонның шаралары Ресейге қарсы бағыттталып отыр, бірақ бұл іс-әрекеттің Қытайды қоршау мен өзгерту қадамы екеніне де назар аудару қажет. Орталық Азия елдерінің маңыздылығы Солтүстік-Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің маңыздылығынан ешқандай кем түспейді, сонымен бірге, аймақ қытайлық Синьцзянмен тығыз байланысты, ал онда (Синьцзянда), қолайлы мүмкіндіктің тууын күтіп отырған көптеген

сепаратистер бар» деп жазды. Осы пікір арқылы қытай сарапшысы, АҚШ Орталық Азия аймағы арқылы Қытайдың ішіндегі тұрақсыз, жиі қақтығыстар орын алып тұрған аймақ Синьцзян мен Тибетте сепаратистерді қолдап, тұрақсыздық тудыруды көздеп отыр дегенді айтады. Тағы қосар болсақ, Синьцзян қазір қытай экономикасының маңызды ішкі отын базасы. Сондықтан, бұл аймақта Қытай саяси-экономикалық тұрақтылықтың болуына мүдделі.

Бірқатар, сарапшылар пікірінше Батыс, оның ішінде АҚШ белсенді қимылдап стратегиялық маңызы жоғары Орталық Азияны өз ықпалына ұстауға ұмтылады. Ол үшін өз бәсекелестері Ресей мен Қытайды аймақтан шеттетуге, ықпалын азайтуға мүдделі. Сондықтан, олардың ішкі проблемаларының ушығуына, сепаратистік әрекеттердің күшеюіне, шекаралас немесе жақын аймақтарда тұрақсыздық тудыруға тырысады. Осылай істеу арқылы АҚШ Қытай мен Ресейдің назарын басқа жаққа аударады, әр түрлі ішкі және аймақтың проблемалармен қолын байлайды деп санайды.

Аталған қытайлық сарапшы Юй Суй: «Қытай Орталық Азияда көпшілігінде Ресейге қосалқы, көмекші күш болып саналады, ал Пекин мен Москваның АҚШ-пен қарым-қатынасы бірқатар жағдайда жүргізіліп отырған американдық саясатпен байланысты» деп жазады [10]. Бұл арада аталған формуламен келісуге де келіспеуге де болады. Біріншіден, Қытай Орталық Азияда Ресейге қосалқы күш міндетін атқарады деп өздерін бейтараптандырып елеусіз, екінші кезекке қойып отыр. Бірақ, Қытайдың Орталық Азия елдерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, нақты экономикалық байланыс жасап, инвестиция құйып, маңызды объектілерді игеруге белсенді қатысып отырғанын теріске шығаруға болмайды. Екіншіден, Қытай өздерін Ресейден кейінгі орынға қоя отырып өз күштерін, іс-әрекетін байқатпауға, оған назар аудартпауға тырысады. Үшіншіден, Ресейдің шама-шарқын, экономикалық деңгейін білетін Қытай оны қажет кезінде қолдай отырып, Орталық Азияға басқа бір үшінші ойыншылардың мысалы, АҚШ немесе Еуроодақ елдерінің енуін қаламайды. Қалай болғанда да, қазіргі уақытта Қытай аймақтың ішкі жағдайында және оның төңірегіндегі мәселелерге қатысты барлық жағдайларда Орталық Азиядағы – шешуші параметрге айналып бара жатқандығы ақиқат.

Бірақ, басы ашық нәрсе, қазіргі уақытта Қытай мен Ресейдің АҚШ-қа қарсы бірлесе саясат жүргізуі бұл тұрақты, қалыптасқан ұзақ мерзімдік іс-әрекет емес. Бұл екі елдің мүдделерінің тоғысуынан туып отырған іс-әрекет. Бұл әлсіз звено, кез келген уақытта Орталық Азияға қатысты мүдделер қайшылығы туған уақытта үзіліп кетуі, әбден мүмкін.

Орталық Азия елдері де Қытай және Ресеймен қарым-қатынаста мүдделілік принципін басты орынға қояды. Әрине, бұл арада мәжбүрлік тұрғысындағы қарым-қатынасты да жоққа шығаруға болмайды. Мәжбүрлік тұрғысында деп отырғанымыз экономикасы қалыптасу үстіндегі Орталық Азия елдерінде аталған көршілес елдермен өздеріне тиімді ұсыныстар негізінде (кей жағдайда уақытша немесе белгілі бір уақыт аралығында тиімсіз де болуы мүмкін) байланыс орнатуға мәжбүр болады. Себебі, бір жағынан басқаша таңдау жоқ. Шаруашылықтағы сұраныс пен ұсыныс принципі осы жағдайға итермелейді. Бұл, әсіресе, аталған екі елмен де шекаралас Қазақстанға байланысты.

Сонымен қатар, өз кезегінде сыртқы күштердің қайсысына болсын АҚШ, Еуроодақ, Ресей немесе Қытайға Орталық Азия елдері асқан сақтықпен қарайды. Аталған сыртқы ойыншылардың «жеңіл ақша» ұсынған уақыты өтті. Өздерінің экономикалық пайдасы және геосаяси мүдделері үшін «Divide et Imperare» («Разделяй и властвуй» «Бөлшекте де билей бер») позициясы тұрғысында шебер тәсілдер қолдана отырып Орталық Азия елдерін бір-біріне қарсы қойып, араларын салқындатқаны да белгілі. Қырғыздар мен өзбектер арасындағы т.б. шиелініс кезінде аталған елдер екі жақты позиция ұстанды.

Бірақ, аймақтық ынтымақтасуды тереңдету мен экономиканы дамыту мақсатында жоғарыда көрсетілген елдердің көмегін мүмкіндігінше пайдалану қажеттігі де талас тудырмайды. Мысалы, Қытайдың Ұлы Жібек жолын дамыту бағдарламасы, өзара тиімді инвестициялық жағдайда аймақ елдерінің өзара жақындасуына мүмкіндік тудырады еді.

АҚШ да өз тарапынан Ресей мен Қытайдың Орталық Азияға тактикалық тәсілдер қолданды. Ресейдің Орталық Азиядағы ықпалын бәсеңдету мақсатындағы АҚШ-тың доктриналарының авторларының бірі американдық сенатор Р.Лугардың 2008 жылы Қазақстан, Түрікменстан және Әзербайжанға жасаған сапарларында «Каспий аймағында Еуропаға мұнай мен газ тасымалдаудың көпжақты және тиімді жүйесін құру және басқа да нарыққа Еуропа елдерінің, сонымен қоса Орталық Азияның Ресейлік энергетика монополиясын тәуелділігін азайту АҚШ мүдделеріне кіретіндігін мойындады [19-11].



АҚШ-тың аймақтағы күш-әрекетінің теориялық негізі «Жібек жолы стратегиясы: ХХІ ғасыр» американдық еңбегінде келтірілген [20-12]. Енді Қазақстан мен Түрікменстаннан мұнай мен газ өнімдерін Ресейді айналып өтіп, «Жаңа Жібек жолы» арқылы, яғни «Еуропа-Кавказ-Азия» (TRASEKA) транспорттық дәлізімен Батысқа тасымалдау бағытын іске қосу көзделіп отыр [21-13].

Геоэкономикалық көзқарас тұрғысынан алғанда, Орталық Азия мұнайын және оны қытайлық бағыттан Нью-Йорк, Лондон, Токио және Сингапур биржаларымен бақыланатын нарыққа қарай «алып кету», сонымен бірге Каспийлік ресурстардың Парсы шығанағы жағалауына шығу бағыты экономикалық жағынан тиімді екендігіне қарамастан, Иран территориясына соқпайтындай тасымал жолын табу Вашингтон үшін маңызды. Сол себепті қазақстандық мұнай да тасымалданатын «Баку-Тбилиси-Джейхан» құбыр жолдары іске қосылды. Бұл батыстық мүддені көздеген ауқымды жоба еді.

Орталық Азиядағы аталған саяси-экономикалық үдерістерге геосаяси талдау жасай отырып, АҚШ мемлекеттік хатшысы К.Райс Ауғанстан, Қазақстан, Қырғызстан, Пәкістан және Тәжікстан президенттерімен АҚШ пен батыс әлемі мүддесі тұрғысында және ШЫҰ-на қарама-қарсы «Үлкен Орталық Азия» аймақтық ұйымын құру мүмкіндігі туралы талқыласты. Осы жоба шеңберінде АҚШ аймақ елдеріне «кедендік шараларды жеңілдету» мақсатында 1,4 млн доллар қаржы бөлді [22-14]. Бұдан басқа Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан НАТО-ның әскери жаттығуларына қатысу құқығын беретін «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына АҚШ өз тарапынан шақырылды.

Сондай-ақ, Вашингтон АҚШ-тың Орталық Азия елдерімен әскери салада ынтымақтастығын қаржыландыруды жыл сайын көтеріп отыруға уәде берді. Солай, АҚШ-тың Қазақстанмен әскери серіктестігі шеңберінде Астанаға әскери-көлік ұшақтары, қазақстандық «Казбат» бітімгершілік батальонына арнайы жабдықтар мен мүліктер және «Хаммер» жоғары өткіштік автокөліктері табыс етілді. АҚШ-тың жетекші әскери оқу орындарында білім алушы қазақстандық әскерилер саны артты. Тараптар кезекті бес жылдық әскери ынтымақтастық жоспарына 2008–2012 жылдары қол қойды. Бұрынғысы сияқты бұл жоспар да «Каспийлік күзет» бағдарламасы аясында Каспийдегі әскери ынтымақтастықтың жетекші саласын анықтап берді. Каспийдің қазақстандық бөлігін жақсартуға көмектесу арқылы Вашингтон Астанаға жағалау күзеті мен теңіз айдынын қорғау флотын құруға және есірткі мен контрабанда тасымалын тоқтатуға қаржы бөлді.

2008 жылдың соңында Қазақстан парламенті Ауғанстандағы «Бұзылмайтын бостандық» американдық операциясын қолдау туралы Астана мен Вашингтон қол қойған екі меморандум бекітті. Құжаттар Алма-Ата әуежайын Ауғанстанда әскери әрекеттер жүргізіп жатқан әскери-әуе күші (ВВС) коалициясы ұшақтарын төтенше қондыру жағдайында қосалқы аэродром ретінде әскери бөлімге беру тәртібі мен шарттарын белгілейді. Сенатпен бекітілген құжаттарға сәйкес Қазақстан АҚШ ұшақтарына алым төлетпей, аэронавигациялық қызмет көрсетеді. Геосаяси мәселелер Академиясы Президенті генерал-полковник Л.Г.Ивашов американдық-қазақстандық әскери қатынастар белсенділігі американдықтардың Алматыдағы әскери ұшақ базасын аэродром ретінде әртүрлі барлау мақсатында, әсіресе Батыс Қытайдағы ядролық Орталықты барлауға бағытталған нысанда қолдана алатындығында екендігі ең соңғы кезекті іс емес деп атады.

Экономикалық мүдде және қауіпсіздік мақсатымен қатар, АҚШ Орталық Азияның геосаяси мәселелерін де – АҚШ өзі үшін басты стратегиялық қарсыластар деп есептейтін дәстүрлі Ресейдің қатысуынсыз және Қытайдың үдемелі ықпалын бейтараптандыру мақсатында шешуге тырысуда.

Өз кезегінде батыс елдері мен Ресей лаңкестікке қарсы күрес, демократиялық құндылықтарды дамыту, азаматтар құқығын қорғау секілді саяси ұрандарды көтеріп саяси сауда жасап жатқандарымен, нақты екі немесе көп жақты экономикалық тиімді қадамдар жасай қойған жоқ. Бірақ, батыс пен Ресей Орталық Азияда өз ықпалдарының белгілі бір деңгейде әлсірегендігін, Қытайдың экономикалық ықпалының өсе түскендігін мойындап отыр.

Ресей қазіргі уақытта бұрыннан қалыптасқан тарихи байланыстар негізінде Орталық Азияға ықпалын сақтау мен нығайтуға ұмтылуда. Солай болғанымен, өз ауқымы мен көлемі жағынан біршама үлкен болғандығына қарамастан, экономикадағы бірдей құрылым мен ұқсас модель жағдайындағы Ресей Орталық Азия елдеріне нақты жаңашылдық пен инновация ұсына алмай отырғаны да анық. Сонымен қатар, соңғы уақыттағы Ресейдің саяси тұлғалары мен

әр түрлі саяси күштердің көңіл ауаны, іс-әрекеті, Ресейдің ұмытыла бастаған империялық амбициясының байқалуы, Орталық Азия елдерімен арасын біршама салқындатты. Тәуелсіз елдердің келешегіне Ресей тарапынан қауіп төнуі мүмкін екендігі проресейлік бағыттағы саясаткерлерді де алаңдатты. Бұл олардың арасында салқындық тудырып, саяси-экономикалық жақындасуына кедергі тудыратындығы да анық. Ресей Думасының депутаты Жириновский мен жазушы, саясаткер Лимоновтың Қазақстанның (жалпы Орталық Азияның) территориялық тұтастығына қатысты негізсіз әрі халықтың ар-намысына тиетін сөздер айтуы, қазақ қоғамында қатты қарсылыққа тап болып, нәтижесінде ҚР СІМ Жириновскийге қатысты Ресейге нота жолдады [15].

Сондықтан, Ресей үшін де және Орталық Азия мемлекеттері үшін де бірден-бір тиімді, парасатты жол – тең, өзара құрмет негізіне құрылған дипломатия арқылы ортақ мүддені ескере отырып тіл табу. Орталық Азиядағы көкейтесті мәселелерді бірлесіп шешу экономикалық даму мен аймақтың тұрақтылығына жол ашады [16]. Ресей баспасөзіне назар аударсақ, Ресейдің Орталық Азияға ықпалы, «жұмсақ күш» арқылы ішінара тіл мен мәдениетте, ресми емес іскерлік байланыстар мен қауіпсіздік саласында сақталып тұр, оның саяси және экономикалық ықпалы тоқырауға түсті. Орталық Азияда биліктің ауысуына Москваның тікелей, өз қалауынша ықпал ету мүмкіндігі де шамалы. Ресей Қырғызстандағы жағдайға, өзбек-тәжік шиеленісіне де араласпады және 2006 жылы Түркменстандағы билік ауысуына ықпал ете алмады [17].

Солай болғанымен, Орталық Азия батыс әлемі мен Ресейдің ерекше мүдделі аймағы болып қала береді. Америка билігі Қырғызстанда қалу үшін және Ауғаныстаннан әскер шығару кезінде Тәжікстанмен ынтымақтасуды жолға қоюға қадам жасады. Әрине, осындай жағдайда Москва тысқары, бейтарап қала алмайды. Себебі, он Орталық Азияда экономикалық қана емес, геосаяси мүддесі бар. Сондықтан да болар, Ресейдің қорғаныс министрі Сергей Шойгу Қырғызстанға қосымша қосымша авиациялық және десанттық күш тартылғанын, Тәжікстандағы ресейлік әскери база бригадadan дивизиялық құрамға айналғанын мәлімдеді. Өзбекстанның Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы құрамынан шығуы, Түркменстанның бейтараптық саясат ұстауы да Ресейдің мүмкіндігін шектейді [18]. Ал, мұндай ахуал Ауғаныстаннан Орталық Азия территориясы арқылы экстремизмнің «импортталуы» мен Ресейде тұрақсыздықтың тууын күшейтуі әбден мүмкін. Сонымен қатар, Ресей заңсыз есірке тасымалына да тұсау сала алмай отыр. Орталық Азияда елдеріндегі проресейлік қолайлы биліктің ауысып кету мүмкіндігі мен одан кейінгі жағдайды бағымдаудың белгісіздігі жаңа проблемаларды тудыруы ғажап емес.

Ал, АҚШ Ауғаныстаннан 90 мыңдық шетелдік әскери контингент шығарылғанымен, әскери базасының қалатындығын ашық түрде мәлімдеді. Себебі, Вашингтонға, онда әскери базасын сақтау, Ауғаныстанға ғана емес, онымен жақын аймақтар Иран, Пакстан, Орталық Азия мен Қытайды бақылауға және ықпал етуге мүмкіндік берер еді [19].

Бұл Орталық Азия әлі де әлемдегі сыртқы күштердің ортақ мүдделері мен қайшылығы тоғысатын және шиеленіс көзіне айналатын аймақ болатындығын көрсетеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 *Имитация борьбы. США проигрывают антинаркотическую войну в Афганистане //rg.ru (19 января 2010 года) [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.rg.ru/2010/01/19/nark.html>.*
- 2 *Россияне потребляют 20 процентов мирового героина. <http://lenta.ru/news/2009/10/22/drugs/>*
- 3 *Комиссина И. Н. Северный маршрут смерти [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://www.oborona.ru/includes/periodics/geopolitics/2013/0114/12269923/...](http://www.oborona.ru/includes/periodics/geopolitics/2013/0114/12269923/)*
- 4 *Асанбеков М.К. Влияние эволюции интересов Китая на внешнеполитические процессы в Центральной Азии. «Время Востока». 06.09.2013. <http://easttime.ru/analytics/tsentralnaya-aziya/vliyanie-evolyutsii-interesov-kitaya/5623>.*
- 5 *Изимов Р. «Мягкая сила» Китая – на прицеле Центральная Азия; «Regnum» – информационное-агентство; 28 қаңтар 2014 ж. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.regnum.ru/news/1759411.html>*
- 6 *Интересы Китая, России и США в Центральной Азии. «Евразия» – информационно-аналитический портал; 09.07.2013 – 11:00; <http://evrazia.org/article/2321>.*
- 7 *Экономика | «РИА Новости» 13 октября 2012.*
- 8 *Александр Салицкий Китай: непростые проблемы роста. Интернет журнал «Новое Восточное Обозрение». 14.02.2012.*

- 9 Роль Китая в мировой экономике. *Время Востока*. 28.01.2014. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://easttime.ru/news/kitai/rol-kitaya-v-mirovoi-ekonomike/5840>.
- 10 Салицкий А. Китай и евразийские планы России. Часть 1. *Новое Восточное Обозрение*. 08.10.2013. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ru.journal-neo.org/2013/10/08/rus-kitaj-i-evrazijskie-plany-rossii-chast-1/>
- 11 «Россия и Современная мир». 14.01.2008.
- 12 Парамонов В. Геополитика и Центральная Азия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.irex.ru/press/pub/polemika/05/par/>.
- 13 Красная Звезда. 17.05.2006.
- 14 Быков П. Большая Игра обязательно закончится [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://archive.expert.ru/expert/05/05-40-86>.
- 15 Лимонов пен Жириновский: Билік неге мұндай мәлімдемелерге дер кезінде қатаң тойтарыс бере алмайды? 3 наурыз 2014 жыл. <http://abai.kz/>; Азат Перуашев: «Жириновскийді Қазақстанға келтірмеу үшін мәлімдеме жасадық» 7 наурыз 2014 жыл. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://abai.kz/content/azat-peruashev-zhirinovskii-kazakstanga-keltirmeu-shin-melimdeme-zhasadyk>
- 16 Проблемы и перспективы взаимодействия стран Центральной Азии. «Время Востока». 17.01.2014. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://easttime.ru/analytics/tsentralnaya-aziya/problemy-i-perspektivy-vzaimodeistviya-stran-tsentralnoi-azii/5732>
- 17 Как мировой рынок нефти и газа влияет на изменение интересов Запада, Китая и России в Центральной Азии? Геополитика. 7 январь 2014. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.geopolitics.ru/2014/01/kak-mirovoj-rynok-nefti-i-gaza-vliyaet-na-izmenenie-interesov-zapada-kitaya-i-rossii-v-centralnoj-azii/>.
- 18 Средняя Азия становится центром геополитики. *Геополитика*. 6 март 2014. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.geopolitics.ru/2014/03/srednyaya-aziya-stanovitsya-centrom-geopolitiki/>
- 19 Платов В. Хамид Карзай и США. *Новое Восточное Обозрение*. 18.02.2014. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ru.journal-neo.org/2014/02/18/rus-hamid-karzaj-i-ssha/>